

«Кселл» АҚ абоненттеріне арналған «SMART» бағдарламасының ережесі

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «SMART» бағдарламасының мәртебесін айқындайды және «Кселл» АҚ (бұдан әрі - Оператор) абоненттерінің «SMART» бағдарламасына қатысуын регламенттейді.
- 1.2. «SMART» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Операторға қолжетімді кез келген тәсілдер (SMS, USSD, push-хабарламалар, дауыстық қоңыраулар, email-хабарламалар, мессенджерлер және т.б.) арқылы Оператордан және/немесе оның серіктестерінен ақпараттық, жарнамалық-ақпараттық және жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алуға абоненттерге мүмкіндік беретін Оператордың сервисі болып табылады.
- 1.3. Бағдарлама шеңберінде Оператордан және оның серіктестерінен бір абонентке хабарламалардың ең көп саны айына 5 (бес) аспайды.
- 1.4. Бағдарлама сондай-ақ Операторға қолжетімді кез келген тәсілдер (SMS, USSD, push-хабарламалар, дауыстық қоңыраулар, email-хабарламалар, мессенджерлер және өзге де байланыс арналары) арқылы Оператордың серіктестері үшін жүргізілетін зерттеулерге (сауалнамаларға) қатысу мүмкіндігін көздейді. Сауалнамалардың ең көп саны айына 2-ден (екіден) аспайды.
- 1.5. Бағдарлама абоненттерді Оператордың және оның серіктестерінің өнімдері мен қызметтері туралы хабардар етуге, сауалнамаларға қатысуға бағытталған.

2. Бағдарламаға қосылу

- 2.1. Бағдарламаға қосылу Абонент «Кселл» АҚ қызмет көрсету туралы жария шартқа қосылған кезде жүзеге асырылады. Осы Ереже Оператордың ресми сайтында жарияланған.
- 2.2. SIM-картаны тіркеу және Оператордың қызметтерін одан әрі пайдалану фактісі абоненттің Жария шарттың және осы Ереженің талаптарымен танысқанын және келісетінін білдіреді.
- 2.3. Бағдарламаға жеке қосылу талап етілмейді.
- 2.4. Абоненттер - жеке тұлғалар ғана Бағдарламаға қатысушылар бола алады.

3. Абонент келісімі

- 3.1. Бағдарламаға қатысушы болып табылатын Абонент Оператордан және оның серіктестерінен келесідей хабарламаларды алуға келіседі:
 - жарнамалық сипаттағы;
 - жарнамалық-ақпараттық сипаттағы;
 - ақпараттық сипаттағы.
- 3.2. Абонент сондай-ақ келесі мақсаттарында өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісім береді:
 - ақпараттық-жарнамалық қызметтер көрсету;
 - маркетингтік және жарнамалық науқандарға қатысу;
 - сауалнамалар, зерттеулер, статистикалық және талдау іс-шараларын жүргізу;
 - Digital Research қызметі шеңберінде бонустарды есептеу және сыйақылар беру.
- 3.3. «SMART» бағдарламасы шеңберіндегі сауалнамаларға қатысу ерікті болып табылады. Сауалнамадан өту абоненттің оның дербес деректерін өңдеуге және маркетингтік зерттеулер мақсатында иесіз қалған ақпаратты пайдалануға келісімін білдіреді.
- 3.4. Жария шартқа қосыла отырып, абонент Бағдарлама шеңберінде өзінің дербес деректерін және абонент туралы қызметтік ақпаратты пайдалануға келіседі.
- 3.5. Бағдарламаға қатысушы болып табылатын абонент дербес деректерінің жиналуы мен өңделуіне, сондай-ақ **осы Ережеге 1-қосымшада** жазылған абонент туралы қызметтік ақпараттың өңделуіне келісімді қабылдайды және растайды.

4. Бонустарды алу шарттары

- 4.1. Егер Бағдарлама шеңберіндегі сауалнама немесе өзге де белсенділік бонусты есептеуді көздеген жағдайда, тиісті ақпарат SMS хабарламасында немесе сауалнаманың өзінде абонентке жеткізіледі.
- 4.2. Бонус сауалнама толық толтырылғаннан кейін беріледі және SMS хабарлама арқылы расталады.
- 4.3. Абонент әрбір сауалнамаға бір рет қана қатыса алады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Оператор құқықтары:

- Осы Ережені <https://activ.kz/smart> сайтында жаңа редакцияда жариялай отырып, Бағдарлама шарттарын өзгерту;
- қатысушыларға жарнамалық, ақпараттық және сервистік сипаттағы хабарламалар жіберу;
- маркетингтік және статистикалық зерттеулер жүргізу үшін абоненттердің жеке деректерін пайдалану;
- Бағдарламаны толтыру үшін серіктестер мен провайдерлерді тарту.

5.2. Абонент құқықтары:

- Бағдарламадан автоматты түрде ажыратуға әкеп соғатын жазбаша өтініш беру арқылы немесе *555*2# ОК USSD командасын теру арқылы «SMART» бағдарламасына қатысудан бас тарту;
- нақты сауалнамалардың немесе науқандардың шарттарында көзделген бонустарды немесе сыйақыларды алу;
- Бағдарлама шарттарының өзгерістері туралы Оператордың сайты немесе SMS-хабарлама арқылы хабардар болу.

6. Қосымша пайда

6.1. Бағдарламаға қатысушы абоненттер:

- Digital Research қызметі шеңберінде сауалнамаларға қатысқаны үшін бонус минуттарын, SMS немесе интернет-трафикті;
- Оператор серіктестерінің арнайы ұсыныстары мен науқандарына қолжеткізілім;
- дербестендірілген жеңілдіктер мен сервистер;
- әртүрлі қызметтер көрсету және маркетингтік белсенділіктер шеңберінде Оператор айқындайтын өзге де шарттарды ала алады.

6.2. Оператор үшін SMART Бағдарламасын пайдалану:

- маркетингтік зерттеулер жүргізу мүмкіндігін;
- аталған қызметтердің сапасын жақсарту үшін талдау жинауды;
- абоненттер арасында тауарлар мен қызметтерді ілгерілетуге мүдделі заңды тұлғалармен серіктестік бағдарламаларды дамытуды қамтамасыз етеді.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Осы Ереже Оператордың байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 7.2. Оператор «SMART» бағдарламасының шарттарын біржақты тәртіппен өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- 7.3. Барлық өзгерістер <https://activ.kz/smart> ресми сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

**«Кселл» АҚ абоненттеріне арналған
«SMART» бағдарламасының ережесіне №1
Қосымша**

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖИНАЛУЫНА ЖӘНЕ ӨНДЕЛУІНЕ КЕЛІСІМ

«Персоналды деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын орындау мақсатында абонент «SMART» бағдарламасының Ережесіне қосыла отырып, «Кселл» АҚ-ға (БСН 980540002879) (бұдан әрі — Компания) электрондық, қағаз және кез келген өзге де тасығышта тіркелген дербес деректердің, соның ішінде оларға болашақта енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың (бұдан әрі — Дербес деректердің) жиналуына және өңделуіне, сондай-ақ Компанияның мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар және өзге де байланыс арналары арқылы ұсынылатын абонент туралы қызметтік ақпаратты өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге өзінің сөзсіз, нақты, хабардар етілген және саналы келісімін береді. Мұндай келісімді абонент өз еркімен және өз мүддесі үшін береді.

Осы келісім Абонент туралы қызметтік ақпараттың дербес деректері мен элементтеріне қатысты мынадай мәліметтерге қолданылады:

- абоненттік нөмір;
- байланыс қызметтерінің пайдаланылғаны туралы мәліметтер;
- байланыс қызметтерін пайдаланған кезде қалыптастырылатын техникалық және сервистік деректер;
- байланыс қызметтерін көрсету шеңберінде Компания алған қосымшаларды тіркеу және реттеу кезіндегі деректер.

Келісім SMS-хабарламаларды, push-хабарламаларды, email-хабарламаларды, мессенджерлердегі хабарламаларды, дауыстық қоңырауларды және өзге де байланыс арналарын жіберу арқылы ақпараттық, жарнамалық-ақпараттық және жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алу мақсатында беріледі.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бере отырып, абонент Компанияға жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті дербес деректер мен абонент туралы қызметтік ақпаратқа қатысты әрекеттерді, соның ішінде автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, түрлі сервистер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып жүзеге асыруға рұқсат береді, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей): абонент туралы дербес деректер мен қызметтік ақпаратты жазу, көшіру, резервтік көшіру, қорғау, скрининг, жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, заңды көздерден беру және қабылдау (тарату, қолжетімділікті қамтамасыз ету), иесіздендіру, жою, растау және тексеру, сондай-ақ пайдалану, тарату, бұғаттау және жою.

Компания Дербес деректерді Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ Дербес деректерді қорғау туралы заңнаманың талаптары сақталған жағдайда шет мемлекеттердің аумағында (абонент туралы қызметтік ақпаратты қоспағанда) Дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруға құқылы. Абонент туралы қызметтік ақпаратты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге беруге жол берілмейді.

Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында не Компания алдында орындалмаған міндеттемелердің болуында өзгеше көзделмесе, абонент осы келісімді кез келген уақытта кері қайтарып алуға құқылы. Кері қайтарып алған сәттен бастап Компания осы Келісімнің мақсаттары шеңберінде оларды үшінші тұлғаларға беру

үшін дербес деректерді жинау және одан әрі өңдеу жөніндегі барлық іс-қимылдарды тоқтатуға міндеттенеді.

Дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу сәтімен айқындалады.

Абонент дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты Компанияның Саясатымен танысқанын және келісетінін растайды, сондай-ақ көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияға берілген абоненттік нөмірді және өзге де мәліметтерді қоса алғанда, өздеріне берілген деректердің дұрыстығын растайды. Осымен абонент пен Компания осы келісімнің нысанын мәміленің, оның ішінде электрондық хабарламалармен (тіркелген абоненттік нөмір бойынша SMS-хабарламалармен алмасуды қоса алғанда, бірақ шектелмей) алмасу жолымен жасалған жазбаша нысанына тең деп есептеуге келісті.

Осы келісім абонент пен Компанияның дерекқорында абонент тіркелген сәттен бастап абонент пен Компания арасындағы қатынастарға әрекет етеді және қолданылады.